

**«Тілге бойлау» бағдарламасы бойынша айлық жоспар  
2025–2026 оқу жылы**

**Айы:**

**Қазан**

**Тақырып:**

**Жемістер мен көкөністер**

**Мақсаты:**

Балалардың күнделікті өмірде қолданылатын жеміс пен көкөніс атауларын қазақ тілінде меңгерту, түстерді ажырату, сандық ұғымды бекіту және байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру.

**Міндеттері:**

1. Жеміс пен көкөністердің атауларын қазақ тілінде дұрыс айтуға үйрету;
2. Түрлі түстерді (кызыл, жасыл, сары) ажыратып, оларды жеміс-көкөніспен сәйкестендіру;
3. «Қанша?» сұрағына жауап беру арқылы сан ұғымын дамыту;
4. Балалардың сөздік қорын кеңейтіп, сөйлем құрауға үйрету;
5. Салыстыру және топтастыру дағдыларын қалыптастыру.

**Тілдік материал:**

**Сөздер мен сөз тіркестері:** алма, алмұрт, банан, қызанақ, қияр, сәбіз, жүзім, картоп, пияз, апельсин.


**Сипаттау сөздері:** кызыл, жасыл, сары, тәтті, дөңгелек, үлкен, кішкентай.

**Сұрақ үлгілері:**

- Бұл не?
- Қандай түсті?
- Қанша алма бар?
- Сен не жейсің?

**Іс-әрекет мазмұны:**

Күтілетін нәтиже	Оқу іс-әрекеттері мен ойын түрлері	Әдістемелік түсіндірме
Жеміс-көкөністердің аттарын қазақ тілінде біледі	● <b>Ойын:</b> «Қайда алма?» – тәрбиеші себетке түрлі жемістер салады, балалар атын атап, табады.	«Алма қайда?», «Міне, алма!» – сұрақ-жауап арқылы үйретіледі.
Сандарды санап, «Қанша?» сұрағына жауап береді	● <b>Санамақ:</b> «Бір алма, екі алмұрт...» жаттау.	Балалар саусақпен санап, сандық ретпен айтады.
Жеміс пен көкөністі ажыратады	● <b>Ойын:</b> «Себетке сал!» – үстелдегі суреттерді жеміс және көкөніс себетіне бөліп салады.	Сөздік жұмыс: алма – жеміс, қияр – көкөніс.
Сипаттап айту дағдысы қалыптасады	● <b>Тапсырма:</b> «Жемісті сипатта» – түсі, пішіні, дәмі туралы айту.	Мысалы: «Алма кызыл және тәтті», «Қияр жасыл және ұзын».
Дәм сезу және сөзбен атау дағдысы дамиды	● <b>Ойын:</b> «Дәмін тап!» – бала көзі байлаулы күйде жеміс дәмін татып, атын айтады.	Сенсорлық және тілдік қабілетті дамытуға бағытталған.
Түстерді ажыратады	● <b>Саралау ойыны:</b> жемістер мен көкөністерді түстеріне қарай топтау	Түстерді атау дағдысын қалыптастырады.



Тілге бойлау  
«Жемістер мен көкөністер»

